

Минералды тегістеуіш сылақ

Минералды негіздерді жөндеуге, сылауға және тегістеуге арналған қоспа

ҚАСИЕТТЕРІ

- созымды және жұмыста ыңғайлы;
- микроталшықтармен арматураланған;
- бу өткізбейді;
- аязға төзімді;
- ішкі жұмыстарға арналған;
- қолмен және механикаландырылған жағуға арналған.

ҚОЛДАНУ САПАСЫ

Ceresit Сылақ тегістеуіш қоспасы ғимараттар ішіндегі қабырғалар мен төбелерде цемент-әк, цемент-құм, бетон және кірпіш негіздерді жөндеуге және тегістеуге арналған. Ceresit Сылақ ойдымдарды, жарықтарды, түсіп кеткен салық учаскелерін толтыру үшін, сондай-ақ беттерді тегістеу және бір өтіп 5-20 мм қабат қалыңдығы кезінде сылақ жабындарын салу үшін қолданылады.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негізді дайындауды және кейінгі жұмыстарды «Өрлеу жұмыстары. Орындау ережелері» ТКП 45-5.09-105-2009 сәйкес орындау керек. Негізді шаңсыздандырып желімнің жабысқақтығын төмендететін заттардан (тұз дақтарынан, майлардан, лак-бояу жабындарынан және т.б.) тазарту керек. Беттің осал, опырылатын учаскелерін және қабыршақтанған жерлерді жою қажет. Биологиялық жемірілу элементтері бар негіздер Ceresit СТ 99 саңырауқұлақтарға қарсы астарымен өңделеді немесе механикалық жолмен жойылады. Ceresit сылағын жағар алдында негізді Ceresit СТ 7 терең енетін астарымен өңдеп 4-6 сағат ішінде кептіру керек. Сылау алдында кірпіш қалауларының ірі ақауларын, жарықтарын, бос тігістерін алдымен негізгі сылақ қабатын салуға дейін кем дегенде 24 сағат бұрын Ceresit Сылақ тегістеуіш қоспасымен толтыру керек.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Қаптаманың ішіндегісін суық таза судың өлшенген мөлшеріне біртіндеп салыңыз және миксер-саптамасы бар айналымы төмен бұрғының көмегімен немесе гравитациялық бетон араластырғышпен түйірлері жоқ біртекті массаны алуға дейін араластырыңыз. 5 минут күтіңіз де қайтадан араластырыңыз. Ерітінді қоспасын 60 минут ішінде пайдалануға болады. Еріту судың мөлшерін талап етілетін консистенцияға және жағу шарттарына қарап таңдайды. Терең ойықтарды, жарықтарды толтыру үшін ерітінді қоспасы қою болуға, ал негіздерді тегістеу үшін - сұйықтау болуға тиіс. Материал қолмен немесе механикаландырылған тәсілмен жағылу мүмкін. Бір рет өтіп ерітінді қоспаны қалыңдығы 20 мм дейін қабатпен жағуға болады.



Өр кейінгі қабат алдағысы кепкеннен кейін жағылады. Тегіс бетті алу үшін Ceresit Сылақ тегістеуіш қоспасын салынғаннан кейін 5-30 минут өткенде пластик жартылай үккіштің көмегімен тегістеу қажет. Тегістелгеннен кейін бетті ажарламайды. Мәселік бітеуіштерді, астарлауыш бояуларды, сәндік сылақтарды салуға сылақты салғаннан кейін кем дегенде 48 сағат өткенде кірісуге болады (салынған қабат қалыңдығы ең төмен болғанда, қалыпты жағдайлар және жақсы желдету болғанда). Сыртқы жұмыстар кезінде жөндөлген немесе сыланған бетті (негізінен, ауа райы ыстық болғанда) тым жылдам кебуінен материал қататын мерзімі бойы суды ақырын шашу жолымен сақтандыру қажет. Сылақтың жаңа шыққан қалдықтарын су көмегімен, кеуіп кеткендерін Н - тек механикалық түрде кетіруге болады.

ҰСЫНЫСТАР

Құрғақ қоспаның жаңартылған формуласы құрамында цементте бар белсенді заттарды бейтараптандыратын, терінің күйін және тітіркенуін болдырмайтын үстемелер бар. Жұмыс кезінде жеке қорғану құралдарын (көзілдірікті, қолғапты) қолдану қажет. Қоспа көзге түскен кезде оны сумен жуып дәрігерге көріну керек.

ЕСКЕРТУЛЕР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +25°C болған кезде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда материалдың тұтыну және кебу уақыты өзгеруі мүмкін,

сонымен қатар жоғары температурадан және жел өтуден жарылу болуы мүмкін. Ceresit Сылақ тегістеуіш қоспасын басқа материалдармен араластыруға болмайды. Осы техникалық парақта келтірілген ақпарат материалды қолдану саласын және жұмыстарды жүргізу тәсілін белгілейді, бірақ бұл ретте жұмыстар орындаушысының тиісті дайындалуын алмастыра алмайды. Берілген ақпараттан басқа, материалмен жұмыс істеген кезде құрылыста қолданылатын нормативтерді басшылыққа алу керек. Материалды нақты қолдану мүмкіндігіне күмән болған кезде оны жеткілікті мөлшерде өздігінен сынау немесе өндірушіге кеңес алу үшін жүгіну керек. Өндіруші осы сипаттамада көзделмеген мақсаттар мен жағдайларда материалды қолдану үшін жауапкершілік көтермейді. Жоғары берілген ақпарат өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіз бола алмайды.

САҚТАУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Фирмалық жабық қаптамада құрғақ, салқын орынжайларда сақтаңыз. Сақтау мерзімі - қаптамада көрсетілген дайындау күнінен бастап 12 ай. Сақтау кезінде температура мен ылғалдылықтың кенет ауытқуларын болдырмау керек. Қаптама және сақтау мерзімі өтіп кеткен өнім тұрмыстық қоқыс ретінде кәдеге жаратуға жатады.

ҚАПТАМА

Ceresit Сылақ 25 кг қаптарға мөлшерлеп салынады.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Негізі:	минералды толтырғыштары және органикалық үстемелері бар цемент-әк қоспасы
Сумен араластыру пропорциясы:	25 кг қоспаға 5,0 - 5,5 л су
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,5 кг/дм³
Тұтыну уақыты:	60 минутқа дейін
Ерітінді қоспасын қолданған кезде негіздің температурасы:	+5°C-тан +25°C дейін
Бір жаққан кезде қабаттың қалыңдығы:	5-тен 20 мм-ге дейін
Жарыққа төзімділік:	қалыңдығы 20 мм сынада жарықтар болмайды
Бағдарлы шығысы:	1,6 - 1,8 кг/м² 1 мм қабат қалыңдығына